



**«Қостомар ауылының жалпы орта мектебі» КММ**  
**педагог - психологтың 2023-2024 оқу жылының наурыз айына арналған**  
**жұмыс жоспары**

| № | Жұмыс мазмұны  | Қолданылатын әдіс – тәсілдер | Сынып             | Мерзімі | Жауапты        |
|---|--|------------------------------|-------------------|---------|----------------|
| 1 | «Мектепата-ана көзімен» сауалнама                          | Ата-анамен жұмыс             | 1-10сынып         | Наурыз  | Бердалиева.Б.Р |
| 2 | «Мен бесінші сыныптан не күтемін? тақырыбында шығарма жазу | Сабақтастық жұмысы           | 4 сынып           | Наурыз  | Бердалиева.Б.Р |
| 4 | Ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары                       | Баяндама                     | 7-10сынып қыздары | Наурыз  | Бердалиева.Б.Р |
| 5 | Дарынды оқушылармен жұмыс                                  | Кеңес беру                   | Мұғалімдерге      | Наурыз  | Бердалиева.Б.Р |

Педагог-психолог: Бердалиева.Б.Р

## «Ойнақтап жүріп от баспа» психологиялық тренингі

**Мақсаты:** қыз балалардың бойына қыз бейнесіне тән мінез – құлық сипатын қалыптастыру. Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.


**Міндеті:** қыздардың бойында қызға тән бейне және қызға тән мінез – құлық, әдеп ережелері туралы ұғым қалыптастыру;

**Тәрбиелеу:** қыз балалардың санасы қызға тән мінез – құлық, жүріс – тұрыс сипаттарына баулу;

**Дамыту:** қыз балалардың өзін – өзі тәрбиелеу, өз-өзіне жауапкершілікпен қарау мүмкіндігін дамыту. «Қызғалдақ» қыздар ұйымының ұйымдастыруымен жалпы мектепшілік 8-11 сынып қыздары арасында жиналыс өтті. Жиналыстың мақсаты: қыз балалардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысы мен әдеттерін жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу. Жиналыс күн тәртібі бойынша өтті, жиналыста мына мәселелер қаралды:

Психологиялық тренинг. Мектеп педагог-психологы: Бердалиева.Б.Р

Қыздардың жеке бас гигиенасы: Мектеп медбикесі: Кадырова.А.



Қыз балалардың бойына рухани-адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыта отырып тәрбиелеу. Қыз бала бойындағы көркем мінез бен әсемдікті, қазақ қызы деген атқа лайықты болуды алға тартты. Сонымен қатар, қазіргі таңда қыздар арасындағы ауызбіршілік пен достық қарым – қатынасты нығайту керектігін айтып өтті. Әлеуметтік желіде де көп талқыланатын мәселенің бірі – қыз тәрбиесі. Киім киісінен бастап, сөйлеуі, тамақ дайындауы, тіпті атқарып жүрген қызметі де талқыға түсіп жатады. Өйткені қыз тәрбиесіне немқұрайлы қарай алмайтын қасиет қазақтың қанына сіңген.



"Аттың көркі – жалы, қыздың көркі – шашы" деп қыздың шашын күтіп өсіруді өнер санаған. Ол үшін оның шашын айранмен, қынамен жудырған. Шаштарын "қос бұрым" немесе "бестемше" етіп өру бойжеткен қыздың көркі болған. Қазақ халқы жырларында "Шашының ұзындығы ізін басқан", "Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген", "Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты", "Қаз омырау кеудеге, құлап түссе қос бұрым" деп қыздарының шаштарын керемет суреттеген. Қыздарға жан-жақты сұлулық, яғни жан сұлулығымен қоса, тән сұлулығы бірдей болғаны жарасады. Жастықтың өзі сұлулықтың, нәзіктіктің белгісі. Қыз балалардың көрікті болып өсуіне ертеде аналары ерекше көңіл бөлген. Қыздардың темекі тартуы, ішімдікке үйірлігі әдетке айналып бара жатқаны байқалады. Орынсыз киіну, орынсыз жүріс-тұрыс әйел затының әйелдік, нәзіктік, сыпайылық көркіне нұқсан келтіретін қылық екенін естен шығаруға болмайды. Адам жарасымды киіне білуі керек. Өзінді басқаларға үлгі ет, басқаларды қызықтыратындай әдептіліктің иесі бол дейміз. Денсаулыққа, тазалыққа, сыпайылыққа зиянды ерсі әдет қай жерде де жеткілікті. Қыс пен күздің суық күндерінде де келте көйлекке қызығып, денсаулығына зиянын тигізіп алған, боянамын деп әсем шашын әлемештеп алған, кірпіктерін жұлып, оны қайта өсіре алмай жүрген бикештер аз ба? Қазақ халқы неке тазалығына, қалыңдықтың арын сақтап, қыздың қасиетін жоғары ұстауына өте зор мән берген.



**Қортынды:** Оқушыларды бір – бірімен, айналадағы ортамен үйлесімді қарым – қатынас жасауға дағдыландыру, мәдени сөйлеу біліктілігін дамытуға, өзара жағымды қарым – қатынасын арттыру, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Қыздар! Өздеріңді алақанға салып әлпештеп отырған осынау бір елімізге адал перзент, асыл азамат боламын десендер, еңбекшіл болындар! Әдемі болындар, әсем болындар! Ақылды болындар! Сұлу да сымбатты болындар! Саналы болындар! Инабатты, ілтипатты, ұйымшыл болындар! Тәуелсіз еліміздің ертеңгі тұтқасы – сендерсіңдер!

Тақырыбы: Дарынды оқушылармен жұмыс

**Мақсаты:**

Мектепте дарынды оқушылармен жұмыс жүйесін қалыптастыруға жағдай жасау. Мектепте шығармашылық орта туғызу жұмыстың бар кезеңдерінің ішіндегі ең маңыздысы болып табылады:

Мұғалімдер де, оқушылар да мынаны түсінгені абзал:

- Мектеп – қателесуге рұқсат етілетін орын;
- Әркім өз көзқарасын және өз ойын ашық айтуына болады;
- Әрекетті немесе нәтижені сынау, жеке тұлғаны мақтау;
- Оқушы тек өз-өзімен ғана салыстырылады;
- Мұғалім мақтаудың ретін табуы керек;
- Оқушыларға жол сілтей бермей, керісінше тәуелсіз әрекет етуге көмектесу;

**Міндеттері:**

- Нормативті негізді үйрену.
- Дарынды оқушылармен жұмыс жасауды жоспарлау.
- Міндеттерді үлестіру
- Жобаны іске асырудың материалды-техникалық, педагогикалық шарттарын талдау.

**Диагностика:**

Дарындылықтың шығу тегінен бөлек оның диагностикасы болуы қажет. Мектептегі ұстаздарға оқушылардың әлеуетті мүмкіндігін танып білуіне көмектесетін әлеуметтік педагогтың және директордың ТЖ бойынша орынбасарының ролі осыған байланысты арта түседі.

Оқушылар келесі бағытта танылып айқындалады:

- шығармашылық ойлау қабілеті;
- өзін-өзі бағалау деңгейі;
- төзімділік;
- әрекеттің тәуірлеу түрлері;
- сезімталдық күші;
- Сіз көшбасшысыз ба?
- Сізге не ұнайды (қызығушылық картасы)?
- Тапсырма беру диагностикасы және тұлғаның бейімділігі;
- Дарынды балалардың тәртібі туралы мінездемесі;

Мұғалімдер де дарынды балалармен жұмыс жасау икемділігіне қарай айқындалады. «5»-ке оқитын және жекелеген пәндерді үйренуде ерекше табыстарға жеткен оқушылардың құрылған анықтамасы психолог пен әлеуметтік педагогтың анықтамалық нәтижесімен сәйкес келеді.

Психолог дарынды балаларды психологиялық тұрақтылық пен психореттілік дағдыларын сақтай білуге үйретеді, әлеуметтік маңызы бар ортаға (жанұяда, қатарластар арасында, ұстаздар ортасында) бейімделуін қалыптастырады; олардың психолого-педагогикалық дайындық деңгейін жоғарылататын бағытта мұғаліммен дербес жұмыс жасауын ұйымдастырады



Тәжірибенің көрсеткеніндей, ұстаздың жоғары дарынды баламен өзара әрекет жасауының әсерлірек әдістері – оның материалмен өзіндік жұмыс жүргізуіне бағытталған қосымша сабақтар. Пән мұғаліміне жұмыста керек болады: Мұғалім жақсы тілектес әрі сезгіш болуы керек, баланың психологиялық ерекшеліктерін есепке алуы тиіс, оның шығармашылық және өндірістік ойлауын кеңейтуі, таңдалған тақырыптың терең жұмыс жоспарына талпынуы қажет. Сол кезде бар жан дүниесі шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімді мойындауға болады. Біздің мектептің мұғалімдері үшін арнайы келесі ынталандыру жүйесі жоспарланды. Куәлік қағазымен расталатын төс белгілері бар келесі номинациялар жасалды: . Жоғары сынып оқушыларының көбісі оқуды жалғастыруы уәжсіз және өзін кәсіптік бағытқа дайындауға талпынады, мұнда білім алуды даралау идеясын жүзеге асыратын және шығармашылығын көрсету және оқушылардың іске асыруына мүмкіндік беретін технологиялар әлдеқайда зор көмек береді. Бұл бәрінен бұрын проблемалық оқыту технологиясына және «шағын топтарды» оқыту әдістемесіне сәйкес жобалық білім беру технологиясы болып табылады.



### Проблемалар:

1. Оқушылармен осы бағытта жұмыс істейтін педагогтарды ғылыми-әдістемелік қолдаудың әлсіздігі.
2. Мұғалімдердің оқытуды жекелеп өткізуге дайын еместігі.
3. Қабілетті және дарынды балаларды психолого-педагогикалық жағынан сүйемелдеп отыру мәселе болып қала бермек.
4. Қабілетті және дарынды балалардың ата-аналары әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетуді қажет етіп тұрады.
5. Оқушылардың табиғи талабын дамыту үшін жағдай жасауда педагогтар мен ата-аналар ынтымақтастығының орындалуын талап етеді.

Көрсетілген проблемалар дарынды балалардағы шығармашылық және зияткерлік әлеуеттің толықтай ашылмайтынын аңғартады. Дарынды балаларды оқыту мен дамыту мәселесі барлық педагогтық қоғамның қалт еткізбес назары мен өзара тығыз әрекеттестігін талап етеді.

### Күтілетін нәтижелер

1. Рухани зияткерлік және шығармашылық дарыны бар балалар санының артуы.
2. Біздің мектеп жастарының әлеуметтік құндылық өлшемін «білім» категориясы секілді мағынада көтеруге өзгерту.
3. Дарынды балалармен жұмыс істеуде заманауи әдістермен қаруланған педагог санының өсуі.
4. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға арналған іс-шаралар ауқымын кеңейту.
5. Оқушылардың жобалық-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.
6. Дарынды балалармен жұмыс жасайтын педагогтардың біліктілігін арттыру
7. Дарынды балалармен жұмыс істеу жүйесін жасау
8. Дарынды балалармен жұмыс істеу үшін оқытудың жаңа технологияларын жоспарлау мен жіктеу.
9. Дарынды балалармен жұмыс жасаудың әртүрлі қырынан проблемалар шығару.

**Қортынды:** Дарынды балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдер оқушылардың қабілетін дамыту үшін қажетті тәсілдерді қолданады. Мектеп психологтары балалардың дәстүрлі емес ойлауын анықтау үшін алдын ала сауалнама жүргізді. Әр сыныпқа сынып бойынша біртұтас және әр балаға жеке мінездеме материалдары жиналған папка арналады. Мұғалімдер ойларымен бөлісіп тәжірибелермен алмасыт.

## АНЫҚТАМАСЫ

«Мектеп-кітапхана – отбасы» тақырыбында библиотерапия әдісі.

**Мақсаты:** оқушының ой-өрісін және білімдермен зерттеу дағдылары негізінде психологиялық ойлауын дамыту. отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту. Балаларды кітап оқуға тартуға әсер ететін ең маңызды әрі басты институт ол – отбасы. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасы, олардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда отбасындағы ересектерден алған үлгіге байланысты екеніне ата-ананың көзін жеткізу мақсатында өткен акцияға мектеп оқушылары мен ата-аналары белсене қатысты.

**Міндеттері:** балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, кітап оқуды отбасылық дәстүрге айналдыру.



Отбасымен бірге кітап оқу – балаларды кітап оқуға тартуға әсері мол. Балалардың кітап оқуға деген құштарлығы, рухани байлығының артуы отбасындағы үлкендердің көрсеткен бағыт бағдарына байланысты.

**Ұымдастыру:** ақ қағаз түрлі түсті карандаш сөз жұмбақ шешу. "Қостомар ауылының жалпы орта мектебінің" психологы Бердалиева.Б.Р мен қазақ тілі пәні мұғалімі Артеc.Б "Мектеп-кітапхана - отбасы" тақырыбына библиотерапия әдісі бойынша, ақындардың поэмалары жасырылған сөзжұмбақ құрастырылып, оқушыларға ұсынылады.




Жалпы «тренинг» дегеніміз – ойната отырып оқыту дегенді білдіреді. Тренинг барысында әртүрлі жаттығулар беріліп, кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беріледі. Кітапқа деген баланың қызығушылықтарын арттыру және кітап оқу мәдениетін қалыптастыру жолдары қарастырылады.

Тренинг барысында ойнатылатын «Танысу» жаттығуы, «Қызықты сұрақтар» ойыны, «Аяқталмаған сөйлем», «Кітаптан көрініс» жаттығулары мен «Ертегі құрастыр» шығармашылық тапсырмалары қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй ғана емес, пайдалы, жаңа ақпарат берері сөзсіз. Адамға тәрбиені атана, мектеп, қоғам береді. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - жанұясы. Бала тәрбиесіндегі бас тұлға, алғашқы ұстаз – ата - ана. Бала үшін үй ішінде, ата - анадан артық тәрбиеші жоқ. Баланың бойында барлық жақсы қасиеттерді дарыту, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, білім алуына жағдай жасау, кітап оқуға баулу - ата-атаның парызы. Оқушылардың Мектеп-кітапхана – отбасы ойларын дамыту



Балалар кітапханалары өз жұмыстарында "Мектеп- кітапхана - отбасы" тақырыбына библиотерапия әдісі бойынша, ақындардың поэмалары жасырылған сөзжұмбақ құрастырылып, оқушыларға ұсынылады, әртүрлі жұмыс формалары мен әдістерін қолданады, бұл балаларды кітапханаға тартуға, балалардың кітапқа, оқуға деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Кітап оқуды насихаттау әдістері – жас ұрпақтың кітап оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға көмектесетін кітапханаларда қолданылатын әдістер мен тәсілдер. Қазіргі уақытта оқуды насихаттау әдістерінің бірыңғай жіктемесі жоқ, сондықтан біз кітапханалар оқуды және кітапты насихаттауда қолданатын ең көп қолданылатын және тиімді әдістерін қарастырдық.



**Қортынды:** Оқушылар ат салысып "Мектеп- кітапхана - отбасы" тақырыбына библиотерапия әдісі бойынша, ақындардың поэмалары жасырылған сөзжұмбақ құрастырылып, оқушыларға сөздерді жарыс таба бастады. Жарыс ойындары мен жарыстары қатысушылардан жалпы эрудицияны, зейінді, тамаша есте сақтауды, тапқырлықты, тапқырлықты, көркемдік және орындаушылық қабілеттерді және т.б. болуын талап етеді. Кітапханалардың тәжірибесінде әдеби байқаулар мен викториналар дәстүрлі түрде танымал<sup>39</sup>. Мысалы, әртүрлі әдеби викториналар, конференциялар, ертеңгіліктер мен кештер, егер оларға ойын элементтері енгізілсе, әлдеқайда қызықты болады. «Кітап конференциялары», «Кітап премьерасы», «Әдеби шайқас», «Әдеби аукцион» – осы және басқа да көптеген іс-шаралар кітапханалар жұмысында кітап оқуды, мәдени-көпшілік жұмысын насихаттауда қалыпты жағдайға айналды.

**Педагог –психолог: Бердалиева.Б.Р**

## «Мен бесінші сыныптан не күтемін?» тақырыбында шығарма жазу.

Қостомар ауылының жалпы орта білім беретін мектебі 4 сынып оқушыларымен «Мен 5 сыныпқа көшемін» атты шығарма оқушылардың орта буынға өтудегі қорқынышын, қалыптасу жағдайын, қобалжуын, дайындығын анықтау. Таисия сағыныш, алға ұмтылыс, алғыс білдіру; болашаққа биікке ұмтылыс, оқу ынтасы жоғары; Гүлжан ұстазға деген қимастық сезімі, алғысы; қуаныш сезімі, алға мақсат қоя білу мақсатында өткізіліп нәтижесінде Ақан уақытты тиімді пайдалану, қорқыныш, жаңашылдыққа құмарлық; Ясмин оқуға деген ынтызарлық, анаға құрмет, үмітену; Жансұлу бастауышты қимау, бірқалыптылық; Абылайхан достық сезім, алға деген шынайы сезім. Аруна алға ұмтылыс бар, құштарлық, Артем мұғаліміне алғысы, сенімділік, жеңе алу; Хабибулла оқуға деген талпыныс, қызығушылық; Абылайхан пәндерге қызығушылық, ұмтылыс. Шығармалары мағыналы, өз ойларын ашып жазған. Сынып оқушыларының орта буынға өтуде қорқынышы мен қобалжуы жоқ, жаңалықтарға құмар, оқуға деген қызығушылық пен оқуға талпыныс басым, алға мақсат

### Сабақтың мақсаты:

4 - сынып оқушыларына орта буында (орта мектепте) оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психо - педагогикалық қолдау көрсету.

### Сабақтың міндеті:

4 - сынып оқушысының жаңа әлеуметтік статусы туралы түсінігін дамыту; Өзінің мүмкіндіктеріне және жетістіктерге ұмтылуға деген дұрыс қатынас қалыптастыру;

Басқалармен тату өмір сүрудің қажеттілігін және өзара түсіністіктің маңызды екендігін түсіндіру;

Қажетті құралдар: дәптер, қалам, қарандаш, жұмсақ ойыншық немесе доп.



оқушылардың сынып туралы ойларын білу, қарым – қатынасын анықтау. Топтық суреттер арқылы оқушының ойын білу. Оқушылардың ойларын жинақтату, сыныбына, сынып жетекшісіне тілектерін білдіру.



Басымызға қиындық түскенде немесе алдымызға қойған мақсатқа жету үшін өміршендік ережесін есіңе ала отырып, өз өміріңіз қолыңызда екеніне сеніңіз. Оны білеміз және солай жасаймыз. Орнымыздан тұрып шеңбер жасап, иығымызды тіктеп, жарқын көңіл – күймен, табысқа жетуге талпынайық. Өз жұлдызыңызға қарап, оған жетуге тырысыңыз. Бар күшіңізбен ұмтылыңыз, сіз міндетті түрде өз жұлдызыңызға жете аласыз. Оны аспаннан алыңыз да, алдыңызға жайлап қойыңыз. Жақынырақ қараңыз, оның қандай екенін есте сақтаңыз. Тізеңізді сипап, қолыңызды екі жанға созыңыз да, көзіңізді ашыңыз. Жұлдызыңыз сізге достық, қайырымдылық, шұғыласын шашады. Білім жолында, өмір жолында қолдау көрсетеді. Түнгі жұлдыздарды қарасаңыз олардың әртүрлі екенін көресіз. Олар әртүрлі біз бен сіз сияқты.



Қорытынды: 4-сынып оқушыларының дамуы, одан әрі қалыптасуы, үнемі дамып отырады. Оқушылардың орта буынға көшкендегі психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуының, ұстаздарға жеңіл бейімделуге, оңай тіл табысуға үйрете білуіміз керек. Сондықтанда оқушыларды дамыта түсуіміз керек. Ерекшеліктерін ескере білуіміз керек.